

Өсімдіктер карантині саласында пайдаланылатын патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің жұмыс коллекцияларын қалыптастыру, жүргізу және күтіп-бағу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2022 жылғы 25 қарашадағы № 387 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 қарашада № 30862 болып тіркелді.

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағының 8-2) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабы 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.12.2025 № 483 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Өсімдіктер карантині саласында пайдаланылатын патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің жұмыс коллекцияларын қалыптастыру, жүргізу және күтіп-бағу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

Е. Карашукеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2022 жылғы 25 қарашадағы
№ 387 бұйрығымен
бекітілген

Өсімдіктер карантині саласында пайдаланылатын патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің жұмыс коллекцияларын қалыптастыру, жүргізу және күтіп-бағу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Өсімдіктер карантині саласында пайдаланылатын патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің жұмыс коллекцияларын қалыптастыру, жүргізу және күтіп-бағу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағының 8-2) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабы 2-тармағына сәйкес әзірленді және өсімдіктер карантині саласында пайдаланылатын патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің жұмыс коллекцияларын қалыптастыру, жүргізу және күтіп-бағу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.12.2025 № 483 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) микроорганизм штамы – белгілі бір биологиялық қасиеттері бар микроорганизм түрінің біртекті дақылы;

2) патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің жұмыс коллекциясы (бұдан әрі – жұмыс коллекциясы) – патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге

асыратын субъект ғылыми, өндірістік, диагностикалық және зерттеу мақсаттарында құратын патогенді және (немесе) өнеркәсіптік микроорганизмдер штамдарының және (немесе) патогендер коллекциясы;

3) референттік (эталондық) штамм – таксономиялық қасиеттерді салыстыру мақсатында үлгі ретінде пайдаланылатын микроорганизм штамы;

4) табиғи штамм – адамдардан және табиғи орта компоненттерінен (жануарлар, өсімдіктер, су, топырақ, ауа) оқшауланған (бөліп шығарылған) микроорганизм штамы;

5) тест-штамм (бақылау) – зертханалық зерттеулердің сапасына бақылау жүргізу кезінде пайдаланылатын штамм (қоректік орталарды, препараттарды бақылау, зертханалық әдістердің дұрыстығын растау, стандарттауды талап ететін зерттеулер нәтижелерін түсіндіру);

6) штамм-имитатор – сыртқы және зертханаішілік сапаны бағалауды жүргізу кезінде оқыту үшін пайдаланылатын микроорганизмнің вируленттілігі әлсіреген микроорганизм штамы.

3. Жұмыс коллекцияларында мыналар бар:

1) референттік (эталондық) штамдар;

2) тест-штамдар (бақылау);

3) имитатор штамдар;

4) табиғи штамдар.

Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істейтін субъектінің жұмыс коллекциясы патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекциясына одан әрі сақтау үшін сәйкестендіру рәсімін жүргізу қажет болатын микроорганизмдердің штамдарын қосымша қамтиды.

4. Жұмыс коллекциясына орналастырылғанға дейін микроорганизм штамына жеке нөмір беріледі.

Микроорганизм штамына берілген жеке нөмір оны беру кезінде өзгермейді және ол микроорганизм штамының паспортында, тіркеу және есепке алу журналдарында көрсетілген кезде есепке алынатын сәйкестендіру үшін қызмет етеді.

Микроорганизм штамы жоғалған, жойылған және есептен шығарылған кезде оның жеке нөмірін басқа микроорганизмнің штамына беруге жол берілмейді.

5. Жұмыс топтамасын пайдалану процесінде нәтижесінде төтенше жағдай туындауы мүмкін штаттан тыс жағдайларда (апат, зілзала, рұқсатсыз алып шығу, жоғалту, ұрлау) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъект оқиға орнын қорғау, оқшаулау және салдарларын жою, іздестіруді ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдау үшін ұлттық қауіпсіздік органдарын, ішкі істер органдарын, биологиялық қауіпсіздік саласындағы, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдарды, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органды дереу хабардар етеді.

2-тарау. Өсімдіктер карантині саласында пайдаланылатын патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің жұмыс коллекцияларын қалыптастыру тәртібі

6. Жұмыс коллекциясына сәйкестендіру рәсімсіз бактериялар мен төменгі сатыдағы саңырауқұлақтар микроорганизмдерінің штамдары, оның ішінде ауыл шаруашылығы үшін ғылыми-практикалық маңызы бар және паспортында олардың толық қасиеттері айқындалған және мынадай санаттарға жіктелген адамдар, жануарлар мен өсімдіктер үшін қауіпті болып табылмайтын генетикалық түрлендірілген микроорганизмдер штамы орналастырылады:

- 1) референттік (эталондық) штамдар;
- 2) тест-штамдар (бақылау);
- 3) имитатор-штамдар.

7. Табиғи штамдарды жұмыс коллекциясына орналастыру оларды сәйкестендіру мақсатында жүргізіледі.

8. Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъект осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген микроорганизм штамдарын сатып алу үшін осы микроорганизм штамдарын жеткізушімен олардың бар-жоғы, сатып алу және жеткізу шарттары туралы кейіннен шарт жасай отырып, келіссөздерді (хат алмасуды) жүзеге асырады.

9. Жұмыс топтамаларын қалыптастыру оның қасиеттері туралы толық мәліметтерді қамтитын микроорганизм штамының паспорты негізінде жүзеге асырылады.

10. Жұмыс коллекцияларын құру кезінде мынадай талаптардың сақталуы қажет:

1) микроорганизм штамы тасымалдау кезінде тиісті температуралық режимді сақтай отырып (температуралық датчиктермен немесе басқа да құрылғылармен расталады) лиофилизацияланған, мұздатылған немесе культивацияланған күйде ұсынылады;

2) микроорганизм штамы бар ампулалар (флакондар), пробиркалар тұмшаланып тығындалады және микроорганизм штамының атауы, себу немесе кептіру күні бар заттаңбалармен жаракталады.

11. Жұмыс коллекцияларын қалыптастыру кезінде табиғи штамдар оларды жұмыс коллекциясына орналастырғанға дейін микроорганизм штамының бастапқы паспортында көзделген негізгі қасиеттерін тексеру рәсімінен өтеді.

12. Микроорганизм штамының паспортын, қаптаманың бүтіндігін, ыдыстардың қанағаттанарлық жай-күйін және олардың санының қоса берілген құжаттамаға сәйкестігін қоса алғанда, орналастырылатын микроорганизм штамына арналған құжаттама болған кезде, сатып алынған микроорганизм штамдары мен табиғи штамдар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроорганизм штамдарын тіркеу журналында тіркеледі.

13. Жіберілетін микроорганизм штамының паспортын, қаптаманың бүтіндігін, ыдыстардың қанағаттанарлық жай-күйін және олардың санының қоса берілген құжаттамаға сәйкес еместігін қоса алғанда, құжаттама оған сәйкес келмеген кезде, алушы микроорганизм штамына қоса берілетін құжаттаманы тиісінше ресімдеу немесе микроорганизм штамын жою қажеттігі туралы шешім қабылдайды және жөнелтушінің мекенжайына тиісті хабарлама жібереді.

3-тарау. Өсімдіктер карантині саласында пайдаланылатын патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің жұмыс коллекцияларын күтіп-бағу тәртібі

14. Жұмыс коллекциясына орналастырылған микроорганизм штамдарының сақталу мерзімдері:

1) ғылыми қызығушылық тудыратын микроорганизм штамдары үшін – оларды қосымша зерделеу үшін қажетті, бірақ орналастыру күнінен бастап 12 айдан аспайтын мерзімдерде;

2) осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген микроорганизм штамдары үшін – тиісті жұмыстарды жүргізу үшін қажетті мерзімдерде.

15. Табиғи штамдарды сәйкестендіру нәтижелері бойынша патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъект патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекциясына сақтауға беру немесе жою жөнінде шешім қабылдайды.

Сәйкестендіру қорытындылары бойынша белгіленген қосымша деректер микроорганизм штамының паспортына енгізіледі.

16. Жұмыс коллекциясына орналастырылған микроорганизмдер штамдарына патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істейтін субъектінің жауапты қызметкері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтау картасын толтырады және сақтаудың оңтайлы тәсілін таңдауды жүзеге асырады.

17. Микроорганизмдер штамдарын сақтау "Ықтимал қауіпті химиялық заттарды пайдаланатын зертханаларға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-105 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24809 болып тіркелген) (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.03.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Микроорганизм штамын сақтауға жауапты адамдар күн сайын сақтау температурасын бақылайды.

19. Микроорганизм штамын сақтау паспортқа, сақтау картасына және қайта себу кестесіне сәйкес жүргізіледі, онда егістіктің кезеңділігі де көрсетіледі.

20. Жауапты мамандар сақтау картасы мен қайта себу кестесіне сәйкес жаңартылуы тиіс микроорганизм штамдарын анықтайды, олардың қозғалысын есепке алу жөніндегі құжаттаманы жүргізеді.

21. Жаңарту жұмыстары жеке бокста жүргізіледі, онда зерттеу кезінде басқа патогенді микроорганизмдермен жұмыстар жүргізілмейді.

22. Микроорганизмдер штамдарын жаңартуға жауапты мамандар микроорганизмдер штамдарын алады, паспорттық және қолда бар құжаттық сипаттамалармен танысады.

23. Микроорганизмдердің штамдарын жаңартуға жауапты маман оның қозғалысын есепке алу жөніндегі құжаттаманы жүргізеді, себу мақсатында микроорганизмі бар ыдысты ашу немесе осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жою актісін ресімдейді және жаңарту нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зерттеу хаттамасын жасайды.

24. Лиофилизацияланған (кептірілген) микроорганизмді ампулалар мен дәнекерленген пробиркалардан жасалған реактивациялау биологиялық қауіпсіздік шкафында жүргізіледі.

25. Микроорганизм штамдарының жұмыс коллекциясынан орын ауыстыруына мынадай жағдайларда жол беріледі:

1) патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекцияларына сақтауға немесе уақытша сақтауға жіберген кезде;

2) референс-зертханаларға беру кезінде.

26. Микроорганизмдер штамдарын жұмыс коллекциясынан беру патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъектінің бірінші басшысының жазбаша рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

27. Микроорганизмдердің штамдарын жұмыс коллекциясынан беру және тасымалдау Санитариялық қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъект патогенді биологиялық агенттерді тасымалдауды жоспарлау кезінде авариялық жағдайдағы іс-қимыл жоспарын әзірлейді және үш жұмыс күні ішінде азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне авариялық жағдайдағы іс-қимыл жоспарының көшірмесін және қозғалыс маршруттарын қоса бере отырып, патогенді биологиялық агенттерді тасымалдау туралы хабарлайды.

28. Жұмыс коллекцияларындағы микроорганизмдердің штамдары:

1) олардың телнұсқалары патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекциясына сақтауға жіберілген;

2) оларды орындау үшін жұмыс коллекциясына орналастырылған микроорганизмдер штамдарымен жұмыстар аяқталған;

3) тазалық пен өміршеңдік талаптарына сәйкес келмеген;

4) осы Қағидалардың 14-тармағында көзделген микроорганизмдер штамдарын сақтау мерзімдері өткен кезде жойылуы тиіс.

29. Микроорганизмдер штамдарын жою кезінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроорганизм штамын жою туралы акт жасалады. Тиісті өзгерістер есепке алу журналына енгізіледі.

4-тарау. Өсімдіктер карантині саласында пайдаланылатын патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің жұмыс коллекцияларын жүргізу тәртібі

30. Жұмыс коллекцияларында осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроорганизмдер штамдарының қозғалысын есепке алу журналында көрсетіле отырып, микроорганизмдер штамдарының қозғалысын есепке алу тұрақты негізде жүргізіледі.

31. Объективті есепке алуды қамтамасыз ету мақсатында патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істейтін субъект жұмыс коллекциясына жылына кемінде бір рет микроорганизмдер штамдары туралы ақпаратты өзектендіруді қамтитын түгендеу жүргізеді.

32. Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъект тоқсан сайынғы негізде есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күніне дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетіне (бұдан әрі – уәкілетті орган) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс коллекциясында орналастырылған микроорганизмдер штамдары туралы әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынады.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.12.2025 № 483 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күнінен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосы жаңартылған тізілімді уәкілетті органның www.gov.kz. ресми интернет-ресурсында жариялауды жүзеге асырады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.12.2025 № 483 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өсімдіктер карантині саласында
пайдаланылатын патогенді
және өнеркәсіптік
микроорганизмдердің
жұмыс коллекцияларын
қалыптастыру, жүргізу және
күтіп-бағу қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Микроорганизмдердің штамдарын тіркеу журналы

Реттік нөмірі	Келіп түскен күні	Микроорганизм штамы		Дақымен келіп түскен ың (пробиркалар, ампулалар, сауыттар) саны	Да қыл ды орналастыруға жіберген ұйым, адам		Орналасты ру мақсаты	Қарап-тексеру нәтижесі
		Атауы	Жеке нөмірі		Атауы, лауазымы	Ілеспе хаттың күні мен нөмірі (бар болса)		
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Өсімдіктер карантині саласында пайдаланылатын патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің жұмыс коллекцияларын қалыптастыру, жүргізу және күтіп-бағу қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Сақтау картасы

Микроорганизм штамының атауы _____

Микроорганизм штамының жеке нөмірі _____

Микроорганизм штамын қоректік ортада сақтау:

Алдын ала культивациялау	Сақтау				Ақпарат көзі
Орта, аэрация, себу әдісі (штрих, шаншу), жасы (өсу фазасы), тыныштықтағы жасушалар спораларының пайда болуына себеп болатын жағдайлар	Сақтау температурасы	Қайта себудің ұсынылатын мерзімдері	Өміршеңдікті сақтаудың ең көп ұзақтығы	Сақтау кезінде қасиеттерінің өзгеруі	

Минералды майда сақтау:

Алдын ала культивациялау	Сақтау				Ақпарат көзі
Орта, аэрация, себу әдісі (штрих, шаншу), жасы (өсу фазасы), тыныштықтағы			Өміршеңдікті сақтаудың		

жасушалар спораларының пайда болуына себеп болатын жағдайлар	Сақтау температурасы	Қайта себудің ұсынылатын мерзімдері	барынша көп ұзақтығы	Сақтау кезінде қасиеттердің өзгеруі	
--	----------------------	-------------------------------------	----------------------	-------------------------------------	--

Суда немесе сулы ерітінділерде сақтау:

Алдын ала культивациялау	Сақтау					
Орта, аэрация, себу әдісі (штрих, шаншу), жасы (өсу фазасы), тыныштықтағы жасушалар спораларының пайда болуына себеп болатын жағдайлар	Су (ерітінді)	Сақтау температурасы	Қайта себудің ұсынылатын мерзімдері	Өміршендікті сақтаудың ең көп ұзақтығы	Сақтау кезінде қасиеттердің өзгеруі	Ақпарат көзі

Лиофилизацияланған (L-кептіру) күйде сақтау:

Алдын ала культивациялау	Лиофилизация (L-кептіру)					
Орта, температура, аэрация, жасы (өсу фазасы), тыныштықтағы жасушалар спораларының пайда болуына себеп болатын жағдайлар	Қорғау ортасы	Жасушалар концентрациясы	Эквилибрация уақыты мен температурасы	Лиофилизация режимі (L-кептіру)	Қалдық ылғалдылық	Сақтау температурасы

Төмен (Цельсий бойынша минус 20 градустан Цельсий бойынша 90 градусқа дейін) және өте төмен температурада (сұйық азот пен оның буларында) сақтау:

Алдын ала культивациялау	Консервация					
Орта, температура, аэрация, жасы (өсу фазасы), тыныштықтағы жасушалардың спораларының	Консервациялауға арналған	Криопротектор	Жасушалардың концентрациясы	Эквилибрация уақыты мен температурасы		

ң пайда болуына себеп болатын жағдайлар	материал: суспензия агар блоктары				Консервация режимі	Сақтау
---	-----------------------------------	--	--	--	--------------------	--------

Өсімдіктер карантині саласында пайдаланылатын патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің жұмыс коллекцияларын қалыптастыру, жүргізу және күтіп-бағу қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Себу немесе жою мақсатында микроорганизмі бар ыдысты ашу актісі

20 ____ жылғы _____ № _____ Біз, төменде қол қоюшылар,

(лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

(рұқсат берушінің лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) _____ рұқсатына сәйкес

(рұқсаттың нөмірі мен күні) микроорганизмі бар _____ ыдысты

(сыйымдылықтың атауы және саны)

(микроорганизм штамы түрінің атауы және жеке нөмірі, микроорганизм штамының саны) _____ мақсатында аштық.

(микроорганизмдерді себу немесе оны жою) Патогенді микроорганизмнің қалдықтары бар ыдыс (тар) _____ (күні) автоклавтау _____

немесе _____ (автоклаптау режимі)

_____ (дезинфекциялық ерітіндінің атауы, оның концентрациясы, залалсыздандыру уақыты)

батыру арқылы залалсыздандырылды. Ыдысты(тарды) ашу күні

_____ Жасағандар:

_____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

_____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Өсімдіктер карантині саласында
пайдаланылатын патогенді
және (немесе) өнеркәсіптік
микроорганизмдердің жұмыс
коллекцияларын қалыптастыру,
жүргізу және күтіп-бағу
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Зерттеу хаттамасы

20 __ жылғы " __ " ____ бастап 20 __ жылғы " __ " _____ дейін Зерттеу мақсаты

Материалдар мен жабдықтар

Зерттеу әдістері

Зерттеу нәтижелері

Қорытынды

Орындаушылар: _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Орындаушылар: _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы) Күні:

Өсімдіктер карантині
саласында пайдаланылатын
микроорганизмдердің
патогенді және өнеркәсіптік
микроорганизмдерінің жұмыс
коллекцияларын қалыптастыру,
жүргізу және күтіп-бағу
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Микроорганизм штамын жою туралы акт 20 ____ жылғы _____ № ____

Біз, төменде қол қоюшылар, _____

(лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

(рұқсат берген адамның лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_____ рұқсатына сәйкес (

рұқсат

нөмірі мен күні)

(түр атауы, штамм нөмірі, объектілер саны)

патогенді автоклавтау _____ немесе

(автоклавтау режимі)

(дезинфекциялық ерітіндінің атауы, оның концентрациясы, залалсыздандыру уақыты)

батыру арқылы, кейіннен міндетті түрде термиялық жолмен жою (кәдеге жаратумен)

_____ арқылы жойдық.

(термиялық жоюдың (кәдеге жаратудың) күні мен режимі)

Құрастырушылар: _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы) Күні:

Өсімдіктер карантині саласында
пайдаланылатын
микроорганизмдердің
патогенді және өнеркәсіптік
микроорганизмдердің жұмыс
коллекцияларын қалыптастыру,
жүргізу және күтіп-бағу
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Микроорганизмдер штамдарының қозғалысын есепке алу журналы

Басталуы 20 ____ жылғы " ____ " _____

Аяқталуы 20 ____ жылғы " ____ " _____

Реттік нөмірі	Келіп түскен күні	Латын транскрипциясындағы штам атауы	Штамның жеке нөмірі	Бөліну көзі	Бөлінген күні	Бөлінген орны	Зерттеу жүргізген адамның лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	Штамды жіберген ұйымның/құрылымдық бөлімшенің атауы	Штамдары бар сыйымдылық тар саны	Штамды сақтау, беру туралы немесе жою туралы белгі	Сақтау, беру немесе жою басталған күн	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13

Өсімдіктер карантині саласында
пайдаланылатын патогенді және
өнеркәсіптік
микроорганизмдердің жұмыс
коллекцияларын қалыптастыру,
жүргізу және күтіп-бағу
қағидаларына 7-қосымша

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____

(қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы) (аты, әкесінің аты (бар болса) тегі)

Ескертпе: Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің жұмыс коллекцияларының тізіліміне енгізуге арналған мәліметтер" нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Күні 20__ жылғы " __ " _____

Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
"Жұмыс коллекциясында
орналастырылған микроорганизмдер
штамдары
туралы әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға арналған
мәліметтер" нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Микроорганизмдердің жұмыс коллекцияларының тізіліміне енгізуге арналған мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индекс: № 1-рм нысаны, кезеңділігі: біржолғы/тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Микроорганизмдердің жұмыс коллекцияларының тізіліміне енгізуге арналған мәліметтер" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің референттік ұйымдары мен аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – аумақтық бөлімшелер) толтырады.

3. Нысанға орындаушы және референттік ұйымның басшысы не оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

4. Нысанды:

референттік ұйымдар – аумақтық бөлімшелерге микроорганизмдердің жұмыс коллекциясын қалыптастырған немесе жаңартқан күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде;

аумақтық бөлімшелер – уәкілетті органға тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірмей береді.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

6. Нысанның 2-бағанында референттік ұйымның атауы көрсетіледі.
7. Нысанның 3-бағанында ұйымның жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) көрсетіледі.
8. Нысанның 4-бағанында жұмыс коллекциясында орналастырылған микроорганизм штамының атауы көрсетіледі.
9. Нысанның 5-бағанында штамдары бар сыйымдылықтардың саны көрсетіледі.
10. Нысанның 6-бағанында коллекцияны сақтау мекенжайы көрсетіледі (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың атауы көрсетіледі).
11. Нысанның 7-бағанында жұмыс коллекциясының немесе штамның тізілімге енгізілген күні көрсетіледі.
12. Нысанның 8-бағанында ескертпе (қосымша ақпарат, мысалы: сақтау тәсілі, шарттары, деректерді жаңарту күні және басқалары) көрсетіледі.